



**«БЕКІТЕМІН»**

**Шығыс Қазақстан облысы**

**Білім басқармасының басшысы**

*С.А.Жумадилова* С.А.Жумадилова

2022ж.

Валентин Георгиевич Макшаевтың туғанына 90 жыл толуына арналған музыкалық училищелер/колледждер студенттері арасында үрмелі мыс аспаптарда Қазақстанның жас орындаушыларының I Республикалық байқауының  
**ЕРЕЖЕСІ**

#### **Жалпы ереже**

Үрмелі мыс аспаптарда жас орындаушылардың республикалық байқауы (қашықтықтан) Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасының қолдауымен «Халық әртістері ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесі» КМҚК-да (бұдан әрі-Байқау) өткізіледі.

#### **Байқаудың мақсаты мен міндеттері**

Үрмелі мыс аспаптарында жас орындаушылардың I Республикалық байқауы дарынды музыканттарды анықтау және қолдау, олардың кәсіби өсуіне ықпал ету, үрмелі мыс аспаптарында орындаушылық өнерін насихаттау және жетілдіру, ҚР Мәдениет және өнер саласындағы оқу орындарының оқытушылары арасындағы байланысты нығайту мақсатында өткізіледі.

Байқауға орта кәсіби музыкалық оқу орындарының студенттері қатыса алады.

#### **Байқау құрылтайшылары**

- Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы;

#### **Байқаудың ұйымдастырушылары**

- «Халық әртістері ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесі» КМҚК

#### **Байқауды өткізу тәртібі**

1. Байқау 2022 жылдың 10-12 сәуір аралығында қашықтықтан өткізіледі.
2. Қатысушылардың жасы Байқаудың басталу күні бойынша анықталады-10 сәуір 2022 жыл.
3. Әрбір жас тобында оқу орнынан қатысушылардың шектеусіз санына рұқсат етіледі.
4. Байқау бағдарламасы жатқа орындалады.

5. Байқау бейнематериалының дыбысын қосымша өңдеуге, монтаждауға және редакциялауға жол берілмейді.
6. Бейнетүсірілім камераны өшірмей және тоқтатпай, орындалатын бағдарламаның басынан аяғына дейін жүргізілуі тиіс.
7. Байқау бір айналымнан тұрады.
8. Қазылар алқасының құрамында ҚР Мәдениет және өнер қайраткерлері мен жетекші оқытушылар бар.
9. Байқау нәтижелері 2022 жылдың 20 сәуірінде ШҚ өнер училищесінің сайтында <https://vkui.edu.kz/> жарияланады.

### **Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:**

- «Жеке орындау» (валторна, труба, тромбон, туба);
- «Ансамбльдік орындау».

Тыңдалым бір айналымда өткізіледі.

### **«Жеке орындау» номинациясында байқауға қатысушылар келесі жас санаттары бойынша бақ сынайды:**

- 1 жас тобы, 14-16 жас;
- 2 жас тобы, 17-19 жас;

«Ансамбльдік орындау» номинациясында қатысушылар жас санаттарына бөлінбейді. Ансамбльге қатысушылар саны - 7 адамнан артық болмауы керек.

### **Бағдарламалық талаптар «Жеке орындау» номинациясы**

#### **1 жас тобы, 14-16 жасты қоса алғанда:**

1. Күрделі форма (таңдау үшін): Концерт (I немесе II-III бөлімдері )  
Соната (I-II немесе III-IV бөлімдері)
2. Қазақстан композиторының шығармасы

#### **2 жас тобы, 17-19 жасты қоса алғанда:**

1. Күрделі форма (таңдау үшін): Концерт (I бөлім немесе II-III бөлім )  
Соната (барлық бөлімдер)
2. Қазақстан композиторының шығармасы
3. Виртуозды пьеса

Байқау бағдарламасының шығармалары жатқа орындалады.  
Мәлімделген бағдарламаға өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

### **«Ансамбльдік орындау» номинациясы**

Ансамбль жалпы ұзақтығы 15 минуттан аспайтын әртүрлі сипаттағы екі туынды орындайды.

## **Байқау қорытындысын шығару**

Қазылар алқасының құрамы бейіндік оқу орындарының кәсіби және педагогикалық құрамының өкілдерінен құралады.

Қазылар алқасы қатысушылардың өнерін 25 балдық жүйе бойынша бағалайды. Егер қазылар алқасының мүшесі байқауға қатысушының педагогы болып табылса, ол осы байқауға қатысушының қойылымын бағалауға қатыспайды.

Қазылар алқасы 1, 2 және 3 дәрежелі лауреаттарды, әр номинация мен әр жас тобындағы дипломанттарды анықтайды. Сондай-ақ қазылар алқасы Бас жүлде тағайындауға, барлық жүлделі орындарды бермеуге, бірнеше қатысушыға бір орын беруге, үздік педагогтар мен сүйемелдеушілерді атап өтуге құқылы.

Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және қайта қарауға жатпайды.

### **Байқау көрсетілім бейнежазбасына қойылатын техникалық талаптар:**

Байқау бағдарламасының бейнежазбасы камераны тоқтатпай, концерттік көрсетілім форматында жүргізілу тиіс. Жазбадағы үзілістерге тек шығармалар арасында рұқсат етіледі. Бейнеде өңдеу элементтері болмауы керек. Бағдарламаны орындау кезінде бейнежазбада орындаушының аспабы, қолдары мен беті көрсетілуге тиіс. Сапасы төмен бейне қабылданбайды.

Бейнежазбада келесі мәліметтер көрсетілсін:

Қатысушының Т.А.

Жасы,

Қала, оқу орнының атауы,

Байқау бағдарламасы,

Педагогтың Т.А.Ә.

Байқау бағдарламасының бейнежазбасы Youtube серверіне және т. б. жүктелуі мүмкін. Бейнежазбаны жүктеу үшін сілтеме Байқаудың Ұйымдастыру комитетінің [makshaevkonkurs@mail.ru](mailto:makshaevkonkurs@mail.ru) электрондық мекенжайына жіберіледі:

### **Байқауға қатысу шарттары**

Байқауға қатысу үшін **2022 жылдың 5 сәуіріне дейін** [makshaevkonkurs@mail.ru](mailto:makshaevkonkurs@mail.ru) электронды поштасына келесі құжаттар жіберу керек: Өтінім **екі форматта беріледі:**

- электрондық форматта (Word) және оқу орнының басшысының қолы және мөрі қойылған куәландырылған (сканерленген) форматта;
- қатысушының туу туралы куәлігінің немесе жеке куәлігінің көшірмесі;
- бейнежазбаға сілтеме.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: 070002, Өскемен қаласы, 30-Гвардиялық дивизия көшесі, 6;

Телефондар: +7 (705) 529-38-79 – Какиев Арыстанбек Оразович (ұйымдастыру мәселелері)

+7 (708) 721-83-90 Муратбаев Адлет Серикович (қатысушыларды тіркеу)

Валентин Георгиевич Макшаевтың туғанына 90 жыл толуына  
арналған музыкалық училищелер/колледждер студенттері арасында  
үрмелі мыс аспаптарда Қазақстанның жас орындаушыларының  
I Республикалық байқауына  
**ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ**

1. Қатысушының аты-жөні (толық), ұжымның атауы («Ансамбльдік орындау» номинациясына қатысушылар құрамының ТА-ын көрсете отырып)
2. Қатысушы мен ансамбль жетекшісінің мекенжайы және байланыс телефоны
3. Туған күні, айы және жылы / «Ансамбльдік орындаушылық» номинациясы үшін - қажет емес
4. Жасы, жас тобы
5. Оқу орнының толық атауы, курсы, мекенжайы және мекеменің байланыс телефондары (қала кодын көрсете отырып), факс, e-mail
6. Аспап
7. Педагогтың аты-жөні (толық), байланыс телефондары
8. Сүйемелдеушінің аты-жөні (толық), байланыс телефондары
9. Бағдарламаның хронометражы
10. Авторлары көрсетілген қатысу бағдарламасы (**міндетті түрде аты-жөнімен!**) және туындылардың **нақты** атаулары, үндестіктер, опустар.

---

Байқаудың шарттарымен таныстым және келісемін:

---

(қатысушының қолы)

---

(педагогтың қолы)

Оқу орнының басшысы

---

(қолы, қолтаңбаның толық жазылуы, мөр)